

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ
ВЫСШАЯ ШКОЛА ЭКОНОМИКИ И БИЗНЕСА

Қаржы кафедрасы
Кафедра финансов

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 2-12 сәуір 2019 жыл
Студенттер мен жас ғалымдардың
“ФАРАБИ ӘЛЕМІ”
атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, Қазақстан, 8-11 сәуір 2019 жыл

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ
ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ
Алматы, Казахстан, 2-12 апреля 2019 года
МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
студентов и молодых ученых
“ФАРАБИ ӘЛЕМІ”
Алматы, Казахстан, 8-11 апреля 2019года

VI INTERNATIONAL
FARABI READINGS
Almaty, Kazakhstan, April 2-12, 2019
MATERIALS
International Scientific Conference
of Students and Young Scientists
Almaty, Kazakhstan, April 8-11, 2019

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

түсімдерін қамтамасыз ету, Сыртқы ашықтық деңгейінің одан әрі өсуі және Қытайдың халық шаруашылығының үдемелі, жедел және салауатты дамуын ілгерілету ісінде баға жетпес рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 ноября 2017 года № 790. Об утверждении Системы государственного планирования в Республике Казахстан.
2. Асанова Л.Р. “Метод налогового планирования как способ оптимизации налоговых платежей” 2018г.
3. Мещерякова О.В. Налоговые системы развитых стран мира: Учебник. – М.: «Правовая культура», 2017. – 290 с.

«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ АХУАЛЫ

Абдуллахан Ю.Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Экономика және бизнес жоғары мектебі

Қаржымамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекші: Куанова Лаура Айболовна

Цифрландыру – жаһандық үрдіс. Бұл үрдістен бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жақсартуды ойлаған мемлекеттердің ешбірі бас тартпайды. Қазақстан да осы елдердің қатарында. Сондықтан Мемлекет басшысы елімізде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын цифрлық технологияларды қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашады.

Елімізде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы 2018-2020 жылдар аралығында іске асырылады. Бағдарламаның басты мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру, әрі ұлттық экономиканы цифрландыру. Құжатты жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80 пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлық хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде. Жоба негізгі 4 бағыт бойынша жүзеге асатын болады. Бірінші бағыт – ауыл-аймақ кеңжолды интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру. Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлық технологияны енгізу. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру және төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау[1].

Сапалы интернетке қол жеткізер күн жақын. Бүгінде елімізде бағдарламаның барлық бағыттарын жүзеге асыру бойынша нақты шаралар бекітіліп, жұмыстар жүргізілуде. Алғашқы бағыт – ауылдарды интернетпен қамтамасыз ету бойынша Ақпарат және коммуникациялар министрлігі іске кірісіп кетті. Министрлік 2021 жылға дейін 1249 ауылды жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Сонымен бірге, LTE-800 технологиясы бойынша 800 мың халық тұратын 2,5 мың ауылдық елді мекен қамтылады. Өткен жылы Қазақстан 137 елдің ішінде ғаламторды қолдану деңгейі бойынша 5 сатыға көтеріліп, 36 орынға жайғасқан. Әрі алдын ала болжам бойынша ғаламторды пайдаланатын адамдар саны биыл 78 пайызға жетпек. Демек, сұраныс күннен күнге артып келеді[2].

Денсаулық сақтау саласы цифрлық жүйеге көшуде. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы салаларын цифрландыруға және электронды сауданы дамытуға мән береді. Елбасы «Төртінші өнеркәсіп революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «Ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру қажет», – деген болатын. Шын мәнінде, елімізде денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін әзірлеу осыдан 13 жыл бұрын басталған. Бүгінгі таңда өңірлерде медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Қазірдің өзінде аймақтарда жекелеген медициналық мекемелердің біразы цифрлық жүйеге өтіп үлгерді. Атап айтқанда, денсаулық сақтау ұйымдарын компьютерлік техникалармен жабдықтау, олардың интернет желісіне қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында оң динамика байқалады. Бүгінгі күні денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу үлесі 75,5 пайызды құрап отыр. Дәрігерлер мен орта медициналық

қызметкерлерді компьютерлік техникалармен қамтамасыз ету 82,7 пайызды құрайды. Ал денсаулық сақтау ұйымының 55,7 пайызына интернет желісі қолжетімді. Қостанай облысында барлық елді мекендердегі емдеу мекемелері компьютермен жабдықталуына 620 млн теңге қаражат бөлініп отыр. Бүгінде олардың тек 32 пайызы ғана интернетке қосылған. Қазіргі таңда облыс тұрғындарының 15 пайызы электронды денсаулық төлқұжаттарына ие. Медицина саласы бойынша цифрландыру жұмыстары Батыс Қазақстан облысында да қарқынды түрде жүзеге асып келеді. Елбасының тапсырмасына сәйкес облыстағы 23 мемлекеттік меднысан қағазсыз жұмыс істеуге көшті. Цифрландыру арқылы тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмек сапасы жақсарады, дәрігерлердің есеп жазудан қолы босап, науқасқа көбірек көңіл бөледі. Ал Шығыс Қазақстан облысында медицина саласын толық цифрландыру бағдарламасы әлі жүзеге асырылуда. Осы орайда Үржар ауданының денсаулық сақтау жүйесі де жетіле түседі. Қазір орталық аурухананың компьютермен қамтылуы – 54 пайыз. Сондай-ақ, облыстық денсаулық сақтау басқармасына қосымша 123 компьютер құралдарын сатып алу жөнінде тапсырыс берілген. Цифрландыру бағдарламасын игеру үшін мамандар арнайы курстардан өтуде.

Білім сапасын арттыру – негізгі мақсат. Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, кез келген процесті, қазіргі жағдайда, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Білім және ғылым саласын цифрландыруды дамыту бойынша 3 бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр. Біріншісі – орта білім жүйесін ақпараттандыруды дамыту, екіншісі – білім беруді және ғылымды басқару процесін автоматтандыру, үшіншісі – IT мамандарды даярлау. Осыған байланысты мұғалімдердің біліктілігін, оқушыларға робототехниканың қолжетімділігін арттыру мақсатында жұмыстар атқарылған. Қазіргі таңда үш мыңнан астам мектеп пен оқушылар сарайында роботты техника бойынша элективті курс енгізілген. Бүгінге дейін бес мыңнан астам ұстаз біліктілігін арттырса, биыл үш мыңға жуық мұғалімді оқыту жоспарда бар. Министрлік жүргізіп жатқан екінші бағыт – білім жүйесін басқару процестерін автоматтандыру. Осыған сәйкес, балабақшаларға кезекке тұру және жолдама беру кезегін автоматтандырудың жаңа стандарты бекітілді. Мектептерге қабылдау, өзара ауысу электронды режимде іске асырыла бастады. Ал ақпараттық технология саласындағы білім сапасын арттыру мақсатында университеттер рейтингі әзірленген. Мұндай қадам жоғары оқу орындарында бәсекелестіктің артып, оқу сапасының жақсаруына жәрдемдеседі. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында еліміздегі оқу орындарына жаңа технологиялар қарқынды түрде енгізілуде. Мәселен, қазірдің өзінде «Күнделік» ақпараттық жүйесі жұмыс істеп тұр. Бүгінгі күні электрондық «Күнделік» жүйесі 4 мыңнан астам мектепте енгізілген. Сонымен қатар, «Bilimal» және «Мектеп» компанияларының электрондық күнделіктері 400 мектепте бар. Бұның бәрін шамамен 3,5 млн адам қолданады. IT өндіріске 2018 жылы компьютерлік бағдарламалау бойынша 122,4 млрд теңгенің қызметі көрсетілген. Бұл – соңғы жылдардағы аса жоғары көрсеткіш. 2017 жылы көрсетілген қызмет құны 99,8 млрд теңге болатын. Бұл көрсеткішке Алматы қаласының қосатын үлесі 46,3% болып отыр. Екінші орынға 47,8 млрд теңге көрсеткішпен Астана табан тіреді. Көшбасшылар үштігін 3,9 млрд теңге көрсеткішпен Қарағанды облысы түйіндеді. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша 2022 жылға таман рейтингті 30-шы орынға көтеру көзделіп отыр. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің мәліметінше, былтыр IT саласын дамытуға 118,3 млрд теңге бөлінген. Сондай-ақ, 28,4 млн АҚШ доллары көлемінде шетелдік инвестиция тартылған[3]. Ал, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Astana Hub» халықаралық технопаркi ресми түрде өз жұмысын бастаған болатын. Оны іске қосу үшін біраз істер атқарылды. Венчурлық қаржыландыру заңнамасы қабылданды. Бүгінде «Astana Hub» -та шетелдік компаниялар үшін визалық және еңбек режимдері жеңілдетілді. Салықтық жеңілдіктер де берілді. Технопаркiң аясында 3 акселераторлық бағдарлама өткізіліп, 47 стартап іріктелді. Соның барлығына 180млн теңгенің инвестициясы тартылды. Енді, аталған көрсеткішті 26 есе арттыру үшін 4,8 миллиард теңге тартылады[4]. Осы тұста ҚР банктерінің де цифрландыру арқылы электронды қызмет түріне ауысып жатқанында айта кету керек. Бүгін де Қазақстанда клиенттерге қашықтан қызмет көрсету – интернет-банкiнг қызметтері, мобильді банктік қосымшалар қарқынды дамуда, олардың көмегімен қашықтан төлемдер жүргізуге, қызметтердің ақысын төлеуге және банктердің өзге де сұранысқа ие өнімдеріне қол жеткізуге болады. Бұл жүйелерде 9 млн. аса пайдаланушы тіркелген, оның шамамен 30%-ы операцияларды тұрақты түрде жүргізеді. Интернет және мобильді банкiнг жүйелері арқылы жүргізілетін операциялар көлемі қазірдің өзінде POS-терминалдар арқылы жүргізілетін қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемінен асып кетеді. Күн сайын елімізде цифрлық банкiнг жүйесі арқылы шамамен 6 млрд. теңге сомаға халықтың қолма-қол ақшасыз 400 мыңнан аса транзакциясы жүргізіледі. Бизнес субъектілерінің қаржылық транзакцияларының 70%-ы да электрондық банктік қызметтер арқылы жүргізіледі[5].

Электрондық үкімет – цифрландырудың көрінісі. Қазақстанда ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға енгізу шаралары осыдан 10 жыл бұрын сәтті басталғанын айта кету қажет. Дәл осы жердегі бұлтартпас мысал, ол – eGov немесе Қазақстанның электронды Үкіметі. Оңтүстік Корея үлгісінде жасалған осы жүйе көмегімен жүздеген операцияларды ешқайда бармай-ақ компьютер алдында отырып жүргізе аласыз. Мұндай жобаның ТМД елдерінде бірен-саран екенін еске салу еш артық болмас. Құжат рәсімдеу, түрлі анықтамалар алу, коммуналдық қызмет түрлерінің ақысын, салықты, айыппұлды, сақтандыруды және өзге де қызмет түрлерін үйде отырып төлеуге кез келген азаматтың мүмкіндігі бар. Ал «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында бұл жүйенің жұмысы одан әрі жетілдірілмек. Қазіргі кезде азаматтар анықтаманың бәрін электронды жүйе арқылы алады. Ал «ашық диалог» арқылы министрлерге сұрақ қойып, сан алуан мәселелерді талқылайды. Мұның барлығы мемлекеттік басқарудың біртіндеп цифрлық технологияларға ауысып жатқанын көрсетеді. Осындай игі шаралар ары қарай да жалғаса береді. Ендігі кезекте аймақтарда ақпараттық технологияларды кеңінен дамыту қажет. Соның арқасында жергілікті өзін-өзі басқару жүйелерінің жұмысын басқаруға ғана емес, ауыл-аймақта атқарылып жатқан шаруаларды да бақылауға болады. Бүгінде «электронды үкімет» қызметтері қазақстандықтардың барлық өмір сүру қадамында – дүниеге келгеннен бастап зейнеткерлікке шығуына дейін бірге жүреді. «egov.kz»-те баланың туылғанын тіркеуге және куәлік алуға, балабақшаға кезекке тұруға, ЖОО-на құжаттар тапсыруға, некеге тұруға, медициналық ұйымын таңдауға болады, мұнда тегін көмек көрсету көлемін алу мүмкін. Қазіргі кезде «egov.kz» арқылы салықты, мемлекеттік баж-ды, жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлды, телефон байланысын төлеуге болады. Осылайша, мемлекеттік басқару жүйесін цифрландырудың көзі – «электронды үкімет» арқылы жүзеге аса бастады. Мәселен, 2017 жылы 740-тан астам қызмет түрі электрондық үкіметке шоғырланып, оның 83-і мобильді қосымша арқылы іске асырылған. Ал электрондық үкіметтің веб-порталында «ашық үкімет» алаңы құрылып, 2376 дерек жиынтығы «ашық деректер» порталына орналастырылған. Бір сөзбен айтқанда, электронды үкімет – цифрландырудың құрамдас бөлшегі ретінде қалыптасты. Тек электронды құндылықты қолдануда халықтың сауаттылығын арттыруды қолға алу қажет[6].

Цифрландыруда ең ерекшелігі бюджет қаржысын аса қажет етпейді. Өйткені онда ең маңыздысы адамның миы. Бірақ сонда да еліміз алдағы үш жылда «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға 310 млрд теңге жұмсамақ. Ол соманың 169 млрд теңгесі квазимемлекеттік субъектілердің есебінен алынса, 141 млрд теңге республикалық бюджеттен бөлінеді. Жоба ойдағыдай іске асса 2025 жылға қарай салық түсімін 1,7-2,2 трлн теңгеге жеткізіп, 300 мың адамды жұмыспен қамтуға жол ашылмақ.

Цифрландыру – Қазақстан болашағы. Осынау мерейлі міндетті жүзеге асыру үшін инфра-құрылымды жетілдіру, индустрияландыруды жеделдету, инновациялық өзгерістерді өмірге шапшаң енгізу қажет. Еліміздің ғылыми-техникалық әлеуеті бұл міндеттің үдесінен шығуға мол мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Цифрлық Қазақстан бағдарламасының ресми сайты – <https://digitalkz.kz/ru/cifrovizaciya-otraslei-economiki/> – электронды ресурсы
2. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы, 31 қаңтар 2017 жыл.
3. Егемен Қазақстан газеті – <https://pdf.egemen.kz/pdfs/2018/02/05022018-web.pdf>, 5 қаңтар 2018 жыл – электронды ресурсы
4. <https://www.inform.kz/kz/akparat-zhane-kommunikaciyalar-salasynda-kanday-ozgeris-kutiledi> – электронды ресурсы
5. Ұлттық Банк өкілі қаржы секторындағы цифрландыру процесі туралы айтты – <https://7kun.kz/ltty-bank-kili-arzhy-sektorynda-y-tsifrlandyru-protsesi-turaly-ajtty/> – электронды ресурсы
6. Электронды үкімет цифрландырудың маңызды бөлшегі – <https://turkystan.kz/article/69478-elektrondy-kimet-tsifrlandyrudy-ma-uzdy-b-lshegi> – электронды ресурсы